



Автор: Қисанова Айсұлу Ағзатқызы
Пән: Әдебиеттік оқу
Сынып: 4-сынып
Бөлім: Мәдени мұра
Тақырып: Әнші Әміре. Әнші. Ж.Аймауытов

Сабақ мақсаты	Барлық оқушылар: өлең мазмұнын түсінеді; Көптеген оқушылар: өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, өлеңді түсініп оқи алады. Кейбір оқушылар: өлеңнің құрылымдық бөліктерін ажыратады, бөліктеріне тақырып қояды
---------------	--

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Әнші Әміре.Әнші.
Ж.Аймауытов
(19.11.2019 жыл)

Ширату тапсырмасы.

Оқушыларды «Б, А, К, М» қима әріптерін таңдау арқылы 4 топқа біріктіреміз.

1-топ: «Білім»

2-топ: «Ақыл»

3-топ: «Кітап»

4-топ: «Мектеп»

Оқушылар қима әріптерді таңдап ол туралы өз ойын айтады, топтарға бірігеді. Сабақ тақырыбы және оқу мақсаттарымен таныстыру Оқушылармен бағалау критерийін құрастыру немесе таныстыру Қызығушылықты ояту Жаңа сабаққа деген қызығушылықтары оянып, ерекше ынтамен кіріседі.

1- (МК, Ұ) суретпен жұмыс «Галереяны шарлау» стратегиясы бойынша қабырғаға ілінген суреттерге шолу жасайды.

- ЭКСПО КӨРМЕСІНЕ ҚАТЫСҚАН ТҰҢҒЫШ ҚАЗАҚ



5e06e19263934.png

Image not found or type unknown

ЭКСПО көрмесіне қатысқан алғашқы қазақ – Әміре Қашаубаев екенін біреу білсе, біреу білмес. Қазақтың біртуар әншісі 1925 жылдың мамырында Францияның астанасы – Парижде өткен дүниежүзілік көрменің этнографиялық концертінде «Балқадияша», «Ағаш аяқ», «Бесқарагер», «Дудар-ай», «Жалғыз арша», «Үш дос», «Смет», «Қараторғай» әндерін әуелетіп, күллі әлемді тамсандырған еді. Әйгілі француз жазушысы Ромен Роллан Әміренің құдіретті дауысын тыңдағаннан кейін: «Мен Шығыста әншіні неге бұлбұлға теңегенін енді түсіндім?» деп таңдай қаққан екен.

«ЭКСПО» халықаралық көрмесі қай кезде де маңызды шара болған. Кез келген мемлекет осы әмбебап көрмеге барынша дайындалып, абыроймен өткізуді ойлаған. 1925 жылы жаһандық шараны өткізу жауапкершілігін Франция астанасы мойнына алады. Осынау дүниежүзілік көрмеге қатысуға ықылас танытқандардың ішінде Кеңес одағы да бар еді. Себебі, шетелде қызыл империяның беделін көтеруді Сталин де теріс көрмеген. Көрмеге қатысушыларды ұйымдастыру сол кездегі РСФСР халық ағарту комиссары Анатолий Луначарскийге жүктелген екен.

5e06e2094f6dc.png

Image not found or type unknown

Әмбебап көрмеге қатысуға шақырту алғандардың ішінен Қазақстаннан жалғыз Әміре Қашаубаев болған. Бірақ сол кездегі Семей шенеуніктері «Сонау Париж сахнасында ән шырқайтындай Әміре Қашаубаев деген кім еді сонша?» деп шақыртуды елемеген. Қазақ әншісіне екінші рет шақырту жіберіледі. Онда көрмеге қатысу – мемлекеттік маңызы бар іс екені түсіндірілгеннен кейін барып шенеуніктер амалсыз Әміре Қашаубаевқа жедел хабарды жеткізген сыңайлы.

Жалпы, қазақтың қайталанбас дауысты әншісін зерттеп, 1974 жылы Әміре Қашаубаевтың даусын алғаш рет тауып, жұртшылыққа ұсынған азамат – белгілі музыка зерттеушісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері Жарқын Шәкәрім. Халқымыздың тума талантына қатысты деректердің көпшілігі осы кісінің аузымен айтылып жүр. Ғаламторда жарияланған материалдар мен сұхбаттар – соның куәсі. Біз де Алматыдағы әміретанушымен байланысқа шығып, әншіге қатысты бірқатар деректер айтып беруін өтінген едік.

Жарқын Шәкәрімнің айтуынша, көрмеге қатысуға Кеңес одағы елдерінен Әміреден басқа, украиналық О.Федеровская, Өзбекстаннан биші Тамара ханум, әнші Кари Якубов, Әзербайжаннан Шевкет ханум Мамедова,